

Бүкілресейлік турнирден жүлде әкелді



Дзюдо бәсекесі 2003 – 2005 ж.т. жасөспірімдер арасында Ресей Федерациясының Магнитогорск қаласында өтті.

Бүкілресейлік турнирге қаламыздан 5 оқушы аттанған болатын. Арқалық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің жаттықтырушысы Мұрат СЫЗДЫҚОВ хабарландай А. Құнанбаев атындағы №6 мектептің 11 сынып оқушысы Манәс СЕЙІТҚҰЛ 46 келі салмақта сынға түсіп 3 орынды жеңіп алған. Сондай ақ, 66 келіде белдескен №6 мектептің тағы бір оқушысы Алматы СЕРКЕШОВ 7 орынды қанағат тұтты. Ал, Әлфараби ЕРТАС, Ерсұлтан МАХМУТ, Аршат БАЛМАШТАР үшін бұл жарыс тек тәжірибе жинау сапары болды. Бүкілресейлік турнирге РФ-ның аймақтарынан және еліміздің Атырау, Орал, Қостанай облыстарының спортшылары қатысты.

«АХ»